FTAMP 10.81.55 https://doi.org/10.26577/JAPJ2025116410

**А.С. Молдагалиева[1]*, А.Б. Сманова[2], М.Т. Досумбекова[2], Г.К. Шуланбекова[2]**

[1]Қонаев университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ қлттық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: aijan86_86@mail.ru

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кез келген мемлекеттің экономикалық дағдарысы мен төтенше жағдайлар отбасы институты мен рухани құндылықтардың құлдырауына әкеледі. Баршамызға белгілі, 2019 жылы дүниежүзін жаулаған covid пандемиясы әлемдік экономиканың тұрақсыздығына, адам баласының өмір сүру деңгейі мен әлеуметтік стратификациясының төмендеуіне, өскелең ұрпақтың мәдени өмірінің өзгеруіне әкелді. Салдарынан халықтың құқықтық, экономикалық, моральдық тұрақсыздығы отбасылық қатынастардың, ерлі-зайыптылардың ата-ана мен бала арасындағы қатынастардың бұзылуына септігін тигізді. Қоғамда агрессорлар көбейіп, ересектердің балаларға физикалық, сексуалдық, эмоционалдық зорлық-зомбылық, қатыгездік көрсетуі жиілей түсті.

Балаларға зорлық-зомбылық, қатыгездік көрсету – әлемдік проблемалардың біріне айналды. Зорлық-зомбылық баланың өмірі мен денсаулығына ғана қауіп төндіріп қана қоймай, тұтас мемлекеттің болашағына зиянды әсер етеді. Мемлекеттің даму деңгейі әлеуметтік топтарға деген қарым-қатынасына қарай бағаланады. Қазіргі таңда жылына шамамен 1 миллиард бала зорлық-зомбылық құрбанына айналуда. Зорлық-зомбылық құрбандарының басым бөлігін әлеуметтік аз қамтылған, қараусыз қалған отбасылардың балалары құрайды. Баланың өзіне сенімсіздігі және жас ерекшелігіне де байланысты зорлық-зомбылық құрбанына оңай айналады. Зорлық-зомбылықсыз қоғам орнату үшін қылмыскерлерді жазалау жеткіліксіз, қылмыс жасырын күйде қалмауы тиіс, күрес ашық жүргізілуі керек, ол үшін әрбір азамат зорлық-зомбылыққа төзбеуі тиіс.

Авторлар ғалымдардың ғылыми доктриналарына, сот практикасына және Жоғарғы Соттың қаулыларына сүйеніп, балаларға зорлық-зомбылықтың алды алу шараларын, жаза қолдану тәртібіне назар аударады. Балаларға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін жауапкершіліктің жекелеген түрлері зерттелді. Авторлар кәмелетке толмағандарға зорлық-зомбылық, буллинг, қатыгездік қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту жасы – 14 жас деп таниды және оған ғылыми тұрғыда дәйектей білген. Сондай-ақ, отбасы және азаматтық процестік кодексінде балалардың яғни кәмелетке толмаған талап қоюшының процессуалдық мәртебесін, сотқа жүгіну және адвокаттың тегін заң көмегіне жүгіну құқығын, кәмелетке толмағандардың құқықтарының бұзылу фактісін дәлелдеу міндетін көздейтін нормалармен толықтыруды ұсынады. Зерттеу нәтижесінде «балаға қатыгездік көрсету» ұғымына авторлық анықтама беріледі.

Ғылыми мақала BR 27882414 «Зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларды қолдау және оңалту бағдарламасы: ресурстық модульді орталықтар желісін тәжірибелік енгізу» жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым комитеті қаржыландырған 2023-2025жж. арналған ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде дайындалған.

**Түйін сөздер:** бала, баланың құқықтары, зорлық-зомбылық құрбаны, буллинг, балаға қатыгездік көрсету, қылмыстық жауапкершілік, тұрмыстық зорлық-зомбылық.

A.S. Moldagaliyeva[1*], A.B. Smanova[2], M.T. Dosumbekova[2], G.K. Shulanbekova[2]

[1]Kunaeva University, Almaty, Kazakhstan
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: aijan86_86@mail.ru

## Some problems of protecting the rights of children victims of violence in the Republic of Kazakhstan

The economic crisis and emergency situations of any state lead to the collapse of the institution of the family and spiritual values. As you know, the covid pandemic, which swept the whole world in 2019,

 © 2025 Al-Farabi Kazakh National University

people, and a change in the cultural life of the younger generation. As a result, the legal, economic, and moral instability of the population contributed to the breakdown of family relations and the relationship between parents and children of spouses. There are more and more aggressors in society, and adults are increasingly showing physical, sexual, and emotional violence and child abuse.

Violence and child abuse have become one of the world's problems. Violence not only threatens the life and health of a child, but also adversely affects the future of the State as a whole. The level of development of the State is assessed based on its attitude to social groups. Currently, about 1 billion children per year become victims of violence. The majority of victims of violence are children from low-income, neglected families. A child easily becomes a victim of violence due to self-doubt and age. To establish a nonviolent society, punishing criminals is not enough, the crime must not remain hidden, the struggle must be waged openly, for this every citizen must not tolerate violence.

The authors, relying on the scientific works of scientists, judicial practice and decisions of the Supreme Court, pay attention to measures to curb violence against children and the procedure for imposing punishments. Certain types of responsibility for child abuse were studied. The authors recognize the age of criminal responsibility for crimes of violence, bullying, and abuse of minors as 14 years old and have scientifically substantiated it. It is also proposed to supplement the Family and Civil Procedure Codes with norms providing for the procedural status of children, that is, a minor plaintiff, the right to go to court and free legal assistance from a lawyer, and the obligation to prove a violation of the rights of minors. As a result of the research, the author's definition of the concept of «child abuse» is given.

The scientific article was prepared within the framework of program-targeted funding for scientific and (or) scientific and technical programs for 2023-2025, aimed at implementing the project IRN BR 27882414 "Program for the support and rehabilitation of child victims of violence: practical implementation of a network of modular resource centers", financed by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** child, child rights, victim of violence, bullying, child abuse, criminal liability, domestic violence.

А.С. Молдагалиева[1*], А.Б. Сманова[2],
М.Т. Досумбекова[2], Г.К. Шуланбекова[2]

[1]Университет Кунаева, Алматы, Казахстан
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
*e-mail: aijan86_86@mail.ru

## Некоторые проблемы защиты прав детей-жертв насилия в Республике Казахстан

Экономический кризис и чрезвычайные ситуации любого государства приводят к краху института семьи и духовных ценностей. Как известно, пандемия covid, охватившая весь мир в 2019 году, привела к нестабильности мировой экономики, снижению уровня жизни и социального расслоения людей, изменению культурной жизни подрастающего поколения. Как следствие, правовая, экономическая, моральная нестабильность населения способствовала разрыву семейных отношений, отношений между родителями и детьми супругов. В обществе становится все больше агрессоров, все чаще взрослые проявляют физическое, сексуальное, эмоциональное насилие, жестокое обращение с детьми.

Насилие, жестокое обращение с детьми стали одной из мировых проблем. Насилие не только угрожает жизни и здоровью ребенка, но и пагубно влияет на будущее государства в целом. Уровень развития государства оценивается исходя из его отношения к социальным группам. В настоящее время жертвами насилия становятся около 1 миллиарда детей в год. Большую часть жертв насилия составляют дети из малообеспеченных, безнадзорных семей. Ребенок легко становится жертвой насилия из-за неуверенности в себе и возраста. Чтобы установить ненасильственное общество, наказания преступников недостаточно, преступление не должно оставаться скрытым, борьба должна вестись открыто, для этого каждый гражданин не должен терпеть насилие.

Авторы, опираясь на научные труды ученых, судебную практику и постановления Верховного Суда, обращают внимание на меры пресечения насилия над детьми, порядок наложения наказаний. Были изучены отдельные виды ответственности за жестокое обращение с детьми. Авторы признают возраст привлечения к уголовной ответственности за преступления насилия, буллинга, жестокого обращения с несовершеннолетними –14 лет и научно обосновали его. Также в семейном и Гражданском процессуальном кодексе предлагается дополнить нормами, предусматривающими процессуальный статус детей, то есть несовершеннолетнего истца, право на обращение в суд и бесплатную юридическую помощь адвоката, обязанность доказать факт на-

рушения прав несовершеннолетних. В результате исследования дается авторское определение понятия «жестокое обращение с ребенком».

Научная статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования по научным и (или) научно-техническим программам на 2023–2025 годы, направленная на реализацию проекта ИРН BR 27882414 «Программа поддержки и реабилитации детей-жертв насилия: практическое внедрение сети ресурсных модульных центров», финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** ребенок, права ребенка, жертва насилия, буллинг, жестокое обращение с детьми, уголовная ответственность, домашнее насилие.

## Кіріспе

Балалар мен отбасына қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің, сондай-ақ жалпы қылмыстың алдын алу мәселелері әрқашан да кез-келген мемлекет үшін ішкі саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

БҰҰ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында және Бала құқықтарының декларациясында балалардың ерекше қамқорлыққа және көмекке, соның ішінде тиісті құқықтық қорғауға құқығы бар екенін жариялады. Баланың құқықтары туралы конвенцияның 19-бабында қатысушы мемлекеттер баланы ата-аналар немесе басқа адамдар тарапынан болатын физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қамқорлықтың немесе ұқыпсыз қарым-қатынастың барлық түрлерінен, немқұрайлылық пен қиянат көрсетушіліктен қорғауы қажет, сондай-ақ ересектерден қатыгездік көрген балаға көмектесуге міндетті делінген (https://www.unicef.org/).

Қазақстандағы қолданыстағы заңнамалық база балаларды ересектермен тең дәрежеде қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Балалар, ересектер сияқты, адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, азаматтық және саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары туралы Халықаралық пактілерде жарияланған, олардың дене бітіміне қол сұғылмаушылығы мен адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге, сондай-ақ заң тарапынан тең қорғалуға негіз болатын құқықтарға ие. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Сотының және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады. Ал, 12-баптың 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі (https://online.zakon.kz/).

Қазақстан Республикасында балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау және олардың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі нормаларды қамтитын бірқатар заңнамалық актілер, балаларды тәрбиелеуде оларға рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында бірқатар жүйелі шаралар жүйесі, атап айтқанда, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кешенді ведомствоаралық шаралар мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын», «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын, «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» қабылданды. Сондай-ақ, «Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған немесе оған куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 386 және бірлескен бұйрығының негізінде қорқыту, зорлық-зомбылық және балаларға көмек көрсету жағдайларына ведомствоаралық жедел әрекет ету алгоритмін қарастыратын Әдістеме бекітілді. Сондай-ақ, ата-аналардың құқықтық және педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатында барлық мектептерде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары, Барлық өңірлерде отбасын қолдау орталықтары құрылды. Құрамында Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен

қамту басқармаларының үйлестіруімен білім, денсаулық сақтау, ішкі істер органдарының өкілдері жасақталған орталықтардың мобильді топтары кәмелетке толмағандарға теріс әсер ету қаупі жоғары 42 мыңнан астам отбасына тексеріс жүргізді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша барлық 20 өңірде психологиялық қолдау орталықтары ашылды. Бірыңғай тәсілдерді әзірлеу үшін орталықтар қызметінің негізгі бағыттарын, штат кестесін, біліктілік талаптарын және материалдық-техникалық жарақтандыруды қамтитын әдістемелік ұсынымдар бекітілген. Бұл орталықтар мектептегі психологиялық қызметтердің қызметін әдістемелік қолдауды қамтамасыз етеді, мұғалімдерге, балаларға, ата-аналарға дағдарыстық жағдайлар бойынша консультациялық, психологиялық көмек көрсетеді.

Балаларға және олардың ата-аналарына шұғыл психологиялық және құқықтық көмек көрсету үшін білім басқармаларында call-орталықтар, balaqorgaubot 2.0 чат-боты, «balaqorgau» веб – сайты жұмыс істейді. (https://online.zakon.kz/).

Қазақстан Республикасында бала құқықтарын қорғауға бағытталған «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы балалардың мүдделері үшін мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаттары болып табылатындығын айқындайды, ол :

- балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету;
- баланың құқықтарының негізгі кепілдіктерін нығайту;
- балалардың құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру;
- балалардың физикалық, интеллектуалдық, психикалық, рухани және адамгершілік дамуына жәрдемдесу;
- баланың оған зорлық-зомбылық қолданудан қол сұғылмайтынына және денсаулығын қалпына келтіруге, әлеуметтік бейімделуге көмек көрсетуге кепілдік беру болып табылады (https://adilet.zan.kz/kaz/).

Аталған мақсаттар кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтың барлық нысандарынан қорғауды көздейді.

Зерттеудің мақсаты – зорлық-зомбылықтың құрбаны болған кәмелетке толмағандарға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы ғылыми жарияланымдарды қорытындылау және талдау, қазіргі кезеңде оны анықтау және онымен күресу.

## Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында авторлар танымның жалпы ғылыми әдістерін мәселен, салыстырмалы-құқықтық, нормативтік-салыстырмалы, синтездеу, жүйелік, талдау, абстракция, ұқсастық әдістерін қолданады.

Авторлар отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға байланысты әдебиеттерге ауқымды талдау жүргізді, бұл бұрынғы зерттеулердің теорияларын, әдістері мен нәтижелерін зерделеуге, сондай-ақ ықтимал проблемалар мен қайшылықтарды анықтауға, сот практикасын талдауға мүмкіндік береді.

Жиналған деректер статистикалық, сапалық талдауды немесе екеуінің комбинациясын қоса алғанда, әртүрлі әдістерді қолдану арқылы талданды. Жүргізілген талдау негізінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты анықтаудың қолданыстағы шараларының тиімділігі туралы қорытындылар жасалды, сондай-ақ ұсынымдар әзірленді.

## Талқылаулар мен нәтижелер

Қазіргі таңда бала құқықтарының бұзылуы әсіресе, балаларға зорлық-зомбылық пен қатыгездік көрсету қылмыстары еліміз үшін өзекті проблемалардың бірі. Қоғамда резонанс тудырған бұл қылмыстар күнделікті үйде, мектепте, басқа да қоғамдық мекемелерде және көшеде өкінішке орай, жиі орын алатын құбылыстардың біріне айналды. Статистикаға сүйенсек, 2024 жылы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және оның өкілдеріне 4 859 арыз шағым келіп түскен, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 10,8%-ға жоғары. Соңғы кездері білім саласына, бала құқықтарының, мүгедектердің құқықтарының бұзылуына, сондай-ақ ар-ождан бостандығына құқығының бұзылуына қатысты арыз-шағымдар көбейген (https://altainews.kz/ru/).

Президенттің қабылдауында болған Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева 2025 жылы елімізде бала құқықтарына қатысты 171 құқық бұзушылық тіркелгенін мәлімдеді. Бұл көрсеткіштер 13 облыс пен 73 елді мекенде жүргізілген мониторинг, оның ішінде 272 мекемедегі балаларды жасырын сұрау және 173 отбасына бару нәтижесінде алынған (https://ru.sputnik.kz/).

«Зорлық-зомбылық» пен «қатыгездіктің» алдын алуды қамтамасыз етуде тиісті құқықтық базаны қалыптастыру маңызды. Нормативтік-құқықтық тетіктеріне тоқталмас бұрын алды-

мен, «зорлық-зомбылық» және «қатыгездік» ұғымдарына түсінік беріп, оның түрлеріне тоқталсақ. «Зорлық-зомбылық» және «қатыгездік» ұғымдары «агрессия» ұғымының жиынтығын құрайды. Агрессияны адамдардың қоғамда бірге өмір сүруінің нормалары мен ережелеріне қайшы келетін, шабуыл объектілеріне зиян келтіретін (жансыз және жансыз), адамдарға физикалық зиян келтіретін немесе оларға психологиялық қолайсыздық туғызатын мақсатты деструктивті мінез-құлық ретінде айқындауға болады (Алексеева, Новосельский 2006 : 256).

«Қатыгездік» – адамдардың азаптарына немқұрайлы қараудан немесе оны тудыруға ұмтылудан тұратын тұлғалық қасиет, ал, зорлық-зомбылық – біреудің мінез-құлқын бұзу (Алексеев 2003: 34). Ресейлік ғалымдар Я.К. Нелюбова, О.С. Гришанова, М.Ю. Михайлина, Д.С. Федяй «Зорлық-зомбылық белгілі бір игіліктер мен артықшылықтарға ие болу немесе сақтау, саяси, экономикалық және кез келген басқа да үстемдікке қол жеткізу мақсатында адамдардың бір тобының (бір адамның) екінші топқа (жеке тұлғаға) қатысты мәжбүрлеу нысаны ретінде түсініледі» деп жазады (Нелюбова, Гришанова, Михайлина, Федяй., 2020 : 92). Зорлық-зомбылық – бұл басқа адамға билік пен бақылауды орнату мақсатында бір адамды мәжбүрлеудің әртүрлі формаларын қолдануға негізделген мінез-құлық жүйесі.

«Балаға қатыгездік көрсету» термині әдетте ата-аналардың/қамқоршылардың немесе ұйымдардың/қауымдастықтардың қамқорлық пен қорғаудың қажетті стандарттарын сақтамауы немесе қасақана зиян келтіру нәтижесінде балаға келтірілген зиянды сипаттау үшін қолданылады. Балаларға күш көрсету, психологиялық, экономикалық зорлық-зомбылық көп жағдайда биологиялық және асырап алушы ата-аналар, толық қанды және толық қаны жоқ аға-інілер мен апа-сіңлілер, әжелер мен аталар, сондай-ақ басқа да туыстары тарапынан жасалады. Зорлық-зомбылық отбасының басқа мүшелерінің арасында орын алса, бала зорлық-зомбылықтың жанама құрбаны саналады (Рустемова, Маликова, Маликов 2024 : 152).

«Баланы қорғау» термині кең мағынада жеке адамдар, ұйымдар, елдер және қоғамдастықтар баланы қатыгез қарым-қатынас (зорлық-зомбылық) актілерінен және нақты қоғамдастықтарда, қоршаған ортада жүргізілетін пайдалану актілерінен немесе балалардың өмір сүріп жатқан жағдайына байланысты зиян келтіру қатерінен қорғау жөніндегі бағдарламалардан қорғау жөніндегі әрекеттерді сипаттау үшін пайдаланылады. Баланы қорғау мәселелері әдетте төтенше жағдайларда немесе отбасыларынан ажыратылған, отбасы қиын өмірлік жағдайда болатын жағдайларда туындайды. Сондықтан қорғауды қажет ететін балалар мен физикалық, жыныстық, эмоционалдық немесе ата-ана міндеттерін орындамау нәтижесінде туындауы мүмкін зорлық-зомбылықтың (қатыгездіктің) ерекше жағдайлары арасындағы айырмашылықты ажырату маңызды.

Алайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында «балаға қатыгездік көрсету», «балаға қатысты зорлық-зомбылық» терминдерінің анықтамалары жоқ, бірақ «қатыгездік» терминінің өзі көптеген нормативтік-құқықтық актілерде бекітілген. Мәселен, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңында әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасы «тұрмысы қолайсыз отбасы» деп анықталған. Заңның 1-бабына сәйкес тұрмысы қолайсыз отбасы – кәмелетке толмағандардың ата-анасы немесе заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін отбасы болып табылады (https://adilet.zan.kz/). Көріп тұғанымыздай, бұл заңда да «балаға қатыгездікпен қарау» ұғымына анықтама берілмеген. Нақты анықтама ұсынылмағандықтан, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ олардың қадағалаусыздығы мен құқық бұзушылықтарының алдын алуды жүзеге асыру қиынға соғады.

«Балаға қатыгездік көрсету» термині алғаш рет 1969 жылы РСФСР Жоғарғы Кеңесі бекіткен РКФСР «Неке және отбасы туралы» кодексінің 59-бабында бекітілген. Бұл нормада «қатыгездік» ата-ана құқығынан айырудың бірден бір негізі болды, десе де бұл санаттың мазмұны ашылмаған. Қазақстан Республикасының қолданыстағы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі де «қатыгездік», «балаға қатыгездік көрсету» ұғымына тиісті анықтамаларға жауап бермейді.

Ата-ана құқығынан айыруға немесе шектеуге байланысты істерді қарау кезінде, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғатын қылмыстар туралы қылмыстық істерді қарау кезінде соттар Қазақстан Республикасының

Жоғарғы Сотының қаулыларында келтірілген зорлық-зомбылық анықтамаларын басшылыққа алады, балаға қатысты зорлық-зомбылықты ерекше қатыгездік жағдай ретінде қарастырады. Оның бірден-бір себебі, қазақстандық заң ғылымында жалпы қабылданған түсінік жоқ.

Осылайша, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша балаларға қатысты зорлық-зомбылық қатыгездіктің ерекше жағдайы болып табылады.

Нормативтік құқықтық актілерде «зорлық-зомбылық» және «балаларға қатыгездік көрсету» ұғымының анықтамасы да, түсінігі де қарастырылмаған, осындай олқылыққа қарамастан, сот практикасында мұндай ұғымдар қолданысқа енгізілді. «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысына сәйкес «балаларға қатыгездік көрсету ата-аналардың оларға физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық жасауынан немесе олардың жыныстық тиіспеушілігіне қастық жасауынан ғана емес, сонымен қатар тәрбиелеуде жол беруге болмайтын тәсілдерді қолданудан (балаларға адами қадір-қасиетін кемсітетін дөрекілік таныту, немқұрайлы қарау, балаларды қорлау немесе қанау) көрінуі мүмкін» (https://adilet.zan.kz/). Елдің жоғары сот органдары ұсынған анықтама құқықтық доктринада «қатыгездік» туралы жалпы қалыптастырмағандығымен, тұтастай алғанда сот практикасын қорытады.

Қазақстан Республикасында балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық құқық және қылмыстық құқықтық тетігі қолданылады. Ұлттық заңнамада зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғау нормалары көзделген және балаға қатыгездік көрсеткен адамдар үшін қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық жауапкершілік түрлері көзделген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде «Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар» деп аталатын жеке тарау бар (https://online.zakon.kz/), жеке тұлғалардың балаларға қатысты физикалық және жыныстық зорлық-зомбылықтың барлық түрлері үшін, сондай-ақ психикалық зорлық-зомбылық және балалардың негізгі қажеттіліктерін елемеу, оларға қамқорлық көрсетпеу сияқты теріс әрекеттер үшін бірқатар баптар бойынша жауапкершілікті қарастырады. Мәселен : ҚК 121-1-бабы (Он алты жасқа толмаған адамдарға сексуалдық сипатта тису); 122-бабы (Көрінеу он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерді жасау, сол сияқты көрінеу кәмелетке толмаған адам көрсететін жезөкшелік қызметті, сексуалдық сипаттағы өзге де қызметті алу); 124-бабы (Он алты жасқа толмаған адамдарды азғындық жолға түсіру); 140-бабы (Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау); 142-бабы (Қорғаншы немесе қамқоршы құқықтарын теріс пайдалану); 144-бабы (Кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімді жасауға тарту) және т.б.

Зерттелген сот тәжірибесінің қысқаша мазмұны Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне қатысты қатыгездік деп деп кәмелетке толмағандарды ұрып-соғу, денсаулығына жеңіл зиян келтіру, жүріп-тұру бостандығынан айыру, тамақ, киім-кешек, басқа да тәсілдермен жазалау арқылы оған ерекше дене және психикалық зақым келтіру не психикалық зақым келтіру түсініледі.

Осы санаттағы қылмыстық істерді саралау кезінде кәмелетке толмағандарға қатыгездік көрсетілгені анықталған :

- тамақ бермеу;
- баланы ұзақ уақыт бойы жалғыз бөлмеде қамауда ұстау;
- қорқыту және ұрып-соғу;
- медициналық араласуды қажет ететін аурулардың әртүрлі түрлеріне медициналық көмек көрсетпеу.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес (https://online.zakon.kz/) 2019 жылдан бастап өгей әкесі мен өгей шешесі кәмелетке толмағанның жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыс субъектілерінің қатарына қосылды. Сонымен қатар, баланы қадағалауды жүзеге асыруға міндетті ата-анасының, заңды өкілінің, педагогтің кәмелетке толмағанды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін дәлелсіз себептермен орындамағаны үшін қылмыстық жауапкершілік алынып тасталды. Балаларды физикалық, психикалық және жыныстық зорлық-зомбылықтың қылмыстық түрлерінен қорғау үшін қылмыстық заңнама нормалары қолданылады. 2019 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстанда медициналық және әлеуметтік қызметкерлер балаларға қа-

тысты зорлық-зомбылық туралы хабарламағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

З.М. Байсакованың қазақстандық қылмыстық заңнамасы балаларға қатысты физикалық және жыныстық зорлық-зомбылықтың барлық түрлері үшін жауапкершілікті көздейді деген тұжырымымен толық келісуге болады (Байсакова 2013). Эмоционалды зорлық-зомбылыққа келетін болсақ, тек кісі өлтіру немесе денсаулығына ауыр зиян келтіру, өзін-өзі өлтіру қаупі жазаланады. Алайда, өзін-өзі өлтірудің барлық жағдайлары эмоционалды зорлық-зомбылықпен байланысты болмауы мүмкін.

Балаға қатыгездік көрсетудің бір жолы – буллинг, яғни жәбірлеу әрекеті болып табылады. Зорлық-зомбылық пен қорлау, басқалармен қатар, қайғылы статистикаға алып келеді: Қазақстанда жыл сайын орта есеппен 172 бала өз-өзіне қол жұмсайды (https://masa.media/ru/). Көбінесе буллинг психологиялық зорлық-зомбылық ретінде сипатталады, өйткені ол ауыр көріністерге ауысып, жәбірленушінің психикалық денсаулығын бұзуы мүмкін. Буллингтің негізгі белгілері: жүйелілігі және жоспарлы түрде жиі орын алуы, агрессордың әрекетінің қасақаналығы және хабардарлығы, жәбірленуші мен қылмыскер арасындағы биліктің немесе биліктің теңсіздігі, – бақылаушы үшінші тұлғалар буллингке қатысушыларға айналады.

Буллинг үш түрге бөлінеді: кибербуллинг, моббинг, троллинг.

Кибербуллинг – жеке хабарламаларды немесе қоғамдық арнаны пайдалана отырып, қорлауды, қоқан-лоққыларды, жала жабуды, компроматтарды және бопсалауды қоса алғанда, интернет-технологияларды пайдаланатын психологиялық зорлық-зомбылық түрі;

Моббинг – баланы өз сыныбынан немесе мектептен шығару мақсатында топтағы баланы жаппай қорлау түріндегі психологиялық зорлық-зомбылық нысаны.

Троллинг – кез келген арандатушылық қарым-қатынас, жала жабу, алдау, жанжалдар мен дауларды тудыру, деструктивті әрекеттерге шақыру және тиісті себептерсіз қарым-қатынас түрі.

«Буллинг» термині 2022 жылы «Бала құқықтары туралы» ҚР Заңына анықтама берілді. Заңның 1-бабының 4-тармағына сәйкес баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе масс-медиа және (немесе) телекоммуникация желілері және (немесе) онлайн-платформалар пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер болып табылады (кибербуллинг) (https://adilet.zan.kz/).

Алайда, балалар арасындағы буллинг үшін жазаны қарастыратын ешқандай нормалар ҚР Қылмыстық кодексінде де, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде де (бұдан әрі – ӘҚбК) енгізілмеген. «Буллинг» жала жабу (әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамын құрайтын) және қорлау (қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын құрайтын) әрекеттерінен тұрады.

ҚР ӘҚбК «Кәмелетке толмаған адамды жәбірлеу (буллинг, кибербуллинг)» 127-2-бабы бойынша әкімшілік жаза – 10 АЕК айыппұл, немесе ескерту арқылы да құтылып жататын жағдайлар орын алып жатады. Заң аясында буллинг көп жағдайда ӘҚбК нормаларына бағытталады, ал қылмыстық кодекстің баптарында «буллинг» жағдайлары ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, азаптау түрінде сараланады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне енгізілген өзгертулер жүйелі түрде қорқыту (буллинг) үшін өзін-өзі өлтірген жағдайда, кәмелетке толмаған адамды «қорқыту, қатыгездікпен қарау немесе адамның қадір-қасиетін ұдайы қорлау жолымен» өзіне-өзі қол жұмсауға (немесе тіпті өзіне-өзі қол жұмсауға оқталуға) дейін жеткізген жағдайларда 10 АЕК-тен 9 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын қарастырады. Заңнамада ықтимал кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың жауапкершілігі оның ішінде қылмыстық жауаптылыққа тарту жасын төмендету мәселесі заңмен жеткілікті түрде реттелмеген. Нәтижесінде, кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың (және көбінесе 16 жасқа толмағандардың) қылмыстық жауапкершілігі аяқсыз қалып жатады, ал кәмелетке толмағандар 12 жасқа толмаған болса, онда жауапкершілік мүлдем жоқ. Жаза арқаламау қоғамда зорлық-зомбылықты қайта тудыратыны анық. Егер айыпталушы әлі 16 жасқа толмаған болса, онда абсурдтық жағдай туындайды, яғни қылмыс бар, алайда жаза түрі көзделмеген. Мәселен, әкімшілік құқық бұзушылықтарда ата-аналардың балаларға жауапты болуына байланысты айыппұл төлеуге міндетті болса, қылмыстық құқықта жауапкершілік жүктелмейді оның жалғыз негізі қылмыстық құқық бұзушылық жасау болып табылады.

Кейбір жағдайларда қылмыстық жауапкершіліктің жасы 14 жасқа дейін төмендейді-мысалы, мысалы, 14 жастағы азаматты кісі өлтіргені, адам ұрлағаны, қарақшылық жасағаны, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабар бергені, вандализм, ауырлататын мән-жайлардағы бұзақылық үшін жауапқа тартуға болады. Жекелеген құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту жасының төмендеуі 14 жасында адамның әрекеттің заңсыз сипаты мен оның салдарын толық біле алатындығына байланысты, ал өзге нормаларда жас мөлшерін төмендету көзделмеген. Сол себепті, қылмыстық жауапкершілікке тарту жасын қысқарту маңызды деп санаймыз. Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, Германия, Жапония, Ресей, Финляндия, Ұлыбритания елдерінде балалардың қылмыстық жауапкершілік жасын 14-12 жасқа дейін төмендету бойынша қылмыстық жауапкершілік 14-15 жастан басталады.

Елімізде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігі туралы көп айтылады. Ал бұл кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түрі үшін жазаны қатаңдату дегенді білдіреді. Кәмелетке толмағандардың өздері құрбыларын қорлайтынын ұмытпауымыз керек. Зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларды қорғауда, құқық бұзушы балаларға қатысты жазаны қатаң қолдану қажет.

Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамаған және олардың құқығына қол сұғатын кінәлі тұлғалар ҚР ӘҚбК 127- 135-1-баптарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады (https://online.zakon.kz/). Елімізде баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін 2024 жылы (8 айдың ішінде) 84 мың заңды өкіл әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 345 адам ата-ана құқықтарынан айырылған. Девиантты мінез-құлқы бар балаларға арналған арнайы мектептерге 125 кәмелетке толмағандар жіберілген. (https://online.zakon.kz/)

Балаға қатыгездік көрсету ата-аналарды (оларды алмастыратын адамдарды) отбасы заңнамасына сәйкес жауапқа тартуға негіз бола алады. Мысалы: Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 75-бабы – ата-ана құқығынан айыру, 79-бабы – ата-ана құқықтарын шектеу, 82-бабы – баланың өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қатер төнген жағдайда баланы айырып алу.

Аталған кодекстің 75-бабының 1-2 тармақтарында «баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына, ата-аналар және басқа да заңды өкілдер тарапынан жасалатын қиянаттан қорғалуға құқығы бар құқығы бар» делінген (https://online.zakon.kz/). Алайда, бұл норма, біріншіден, декларативті, өйткені заңда мұндай құқықты жүзеге асыру және кәмелетке толмаған адамның сот ісін жүргізуге қатысу тәртібі көзделмеген. Екіншіден, ата-аналар мен заңды өкілдерден басқа лауазымды және басқа да адамдардың әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) баланың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда балаға оның құқықтарын қорғау құқығын бермейді.

Азаматтық процестік кодексте кәмелетке толмағандардың құқықтарын қозғайтын істерді қарауға байланысты іс жүргізу жеке тарауға бөліп қарастырылмайды, алайда, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты мәселен, кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше ұстау режимі бар ұйымдарға жіберу сияқты істердің жекелеген санаттарын сотта қарау ерекшеліктерін көздейді. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қозғайтын қалған істердің барлығы талап қою ісін жүргізудің жалпы ережелері бойынша қаралады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен қатыгез қарым-қатынас құрбандарының құқықтарын қамтамасыз етуде құқық бұзушылықтың сот төрелігіне қол жеткізу тұрғысынан, оларға білікті заң көмегін пайдалану мүмкіндігін беру маңызды рөлге ие. Алайда, АПК 114-бабында өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін адамдардың қатарына кәмелетке толмағандар енгізілмейді (https://adilet.zan.kz/). Осыған байланысты ҚР АПК-нің 114-бабында көрсетілген тізбе оған тараптардың бірі кәмелетке толмағандар болып табылатын дауларды енгізу жолымен кеңейтілуі тиіс.

## Қорытынды

Осылайша, Қазақстан Республикасында Бала Адам құқықтары жөніндегі халықаралық және Ұлттық құжаттарға сәйкес қамтамасыз етілетін кепілдіктер мен қорғануға құқылы. Балалардың құқықтарын құрметтеу және отбасындағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне, соның ішінде дене жарақаты және арнамысты қорлайтын жазаның басқа да түрлеріне тыйым салатын нақты құқықтық база мен ережелерді қажет етеді. Кез-келген тұлға балаларға

қатысты зорлық-зомбылық жағдайларына тап болғанда немесе қандай да күдікті жағдайларда міндетті түрде құқық қорғау органдарына хабарлауы тиіс. Құзырлы органдардың балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен жыныстық зорлық-зомбылық туралы хабарланған жағдайларға міндетті түрде тергеу жүргізуі маңызды.

Мақаланы жазу барысында сот практикасына, Жоғары Сот органдарының қаулыларына және көптеген авторлардың ғылыми көзқарастарына сүйене отырып, «балаға қатыгездік көрсету» дегеніміз – кінәлінің балаға қатысты физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылықты жасаумен немесе оның жыныстық қол сұғылмаушылығына қастандық жасаумен, сонымен қатар тәрбиелеуде жол беруге болмайтын тәсілдерді (балаларға адами қадір-қасиетін кемсітетін дөрекілік таныту, немқұрайлы қарау, балаларды қорлау немесе қанау) қолданумен сипатталатын кінәлі мінез-құлқы болып табылады деп санаймыз.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің және «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» ҚР Заңының 3-тарауын 14 жасқа толған баланың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері лауазымды және өзге де адамдардың әрекеттерімен (әрекетсіздіктерімен) және шешімдерімен бұзылған не осындай бұзушылық қаупі төнген жағдайда сот қорғауына жүгіну құқығын көздейтін нормамен толықтыруды, сондай-ақ, ҚР Азаматтық процестік кодексін келесідей, яғни кәмелетке толмаған талап қоюшының процессуалдық мәртебесін және оның сотқа жүгіну тәртібін айқындайтын; кәмелетке толмағандардың адвокаттың тегін заң көмегіне жүгіну құқығын, кәмелетке толмағандардың құқықтарының бұзылу фактісін дәлелдеу міндетін (яғни ол лауазымды адамдардың әрекеттерінің (әрекетсіздіктерінің) не шешімдерінің заңсыздығына дәлелдемелер ұсынбауға тиіс) айқындайтын нормалармен толықтыруды ұсынамыз.

**Әдебиеттер**

Бала құқықтары туралы Конвенция. Балаларға арналған нұсқа. URL: https://www.unicef.org/kazakhstan/kk/documents/%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D0%B0-%D2%9B%D2%B1%D2%9B%D1%8B%D2%9B%D1%82%D0%B0%D1%80%D1%8B-%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%8B-%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%B2%D0%B5%D0%BD%D1%86%D0%B8%D1%8F (дата обращения: 09.02.2025).

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029&pos=5;-88#pos=5;-88 (дата обращения: 09.02.2025).

Письмо Премьер-Министра Республики Казахстан от 11 октября 2024 года № 16-10/4455 «Касательно подростковой преступности». URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34844247&pos=6;-106#pos=6;-106 (дата обращения: 09.02.2025).

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_ (дата обращения: 09.02.2025).

Права детей в Казахстане нарушили 171 раз в 2025 году – омбудсмен Токаеву. Sputnik Казахстан, 23.05.2025. URL: https://ru.sputnik.kz/20250523/prava-detey-v-kazakhstane-narushili-171-raz-v-2025-godu---ombudsmen-53824499.html (дата обращения: 20.05.2025).

Алексеева И.А., Новосельский И.Г. Жестокое обращение с ребенком. Причины, последствия, помощь. М.: Генезис, 2006. 256 с.

Алексеева Л.С. О насилии над детьми в семье // Социологические исследования. 2003. № 4. С. 34.

Профилактика жестокого обращения с детьми и насилия в школьной среде: учебно-методическое пособие / Я.К. Нелюбова, О.С. Гришанова, М.Ю. Михайлина, Д.С. Федяй. Саратов: ГАУ ДПО «СОИРО», 2020. 92 с.

Рустемова Г.Р., Маликова Ш.Б., Маликов Д.Б. О семейно-бытовом (домашнем) насилии в отношении несовершеннолетних детей – жертв насилия // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. 2024. № 2 (110). URL: https://bulletin-law.kaznu.kz (дата обращения: 09.02.2025).

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591_ (дата обращения: 09.02.2025).

«Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000015S (дата обращения: 09.02.2025).

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2025.19.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294&pos=173;-60#pos=173;-60 (дата обращения: 09.02.2025).

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын үйымдардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 240-VI Заңы. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36946361 (дата обращения: 09.02.2025).

Детство без жестокости и насилия / ОЮЛ «Союз кризисных центров Казахстана»; сост. Байсакова З.М., Мухамедсадыкова А.Т. Алматы, 2013. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31561675 (дата обращения: 09.02.2025).

В 2022 году каждый пятый школьник в Казахстане хотя бы один раз подвергался буллингу. Masa.media. URL: https://masa.media/ru/site/v-2022-godu-kazhdyy-pyatyy-shkolnik-v-kazakhstane-khotya-by-odin-raz-podvergalsya-bullingu (дата обращения: 09.02.2025).

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексі (2025.01.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577100 (дата обращения: 09.02.2025).

Более 4,8 тыс жалоб поступило в адрес Уполномоченного по правам человека за 9 месяцев 2024 года. Altainews.kz. URL: https://altainews.kz/ru/rubriki/novosti/58839-bolee-48-tys-zhalob-postupilo-v-adres-upolnomochennogo-po-pravam-cheloveka-za-9-mesjacev-2024-goda.html (дата обращения: 09.02.2025).

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі (2025.01.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102277&pos=3;-106#pos=3;-106 (дата обращения: 09.02.2025).

«Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377#z113 (дата обращения: 09.02.2025).

**References**

Bala quqyqtary turaly Konventsiia. Balalarğa arnalğan nūsqa [Convention on the Rights of the Child. Child-friendly version]. (n.d.). UNICEF Kazakhstan. URL: https://www.unicef.org/kazakhstan/kk/documents/%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D0%B0-%D2%9B%D2%B1%D2%9B%D1%8B%D2%9B%D1%82%D0%B0%D1%80%D1%8B-%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%8B-%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%B2%D0%B5%D0%BD%D1%86%D0%B8%D1%8F (accessed 09.02.2025).

Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitutsiiasy 1995 jylğı 30 tamyz (2022.19.09. berilgen özgerister men tolyqtyrwlarimen) [Constitution of the Republic of Kazakhstan of 30 August 1995 (as amended on 19.09.2022)]. (1995). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029&pos=5;-88#pos=5;-88 (accessed 09.02.2025).

Pis′mo Prem′er-Ministra Respubliki Kazakhstan ot 11 oktiabria 2024 goda № 16-10/4455 «Kasatel′no podrostkovoi prestupnosti» [Letter of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan of 11 October 2024 No. 16-10/4455 "Regarding juvenile delinquency"]. (2024). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34844247&pos=6;-106#pos=6;-106 (accessed 09.02.2025).

«Qazaqstan Respublikasyndağı balanyñ quqyqtary turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2002 jylğı 8 tamızdağı № 345 Zañy. «Ädilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik quqyqtyq aktileriniñ aqparattyq-quqyqtyq jüiesi [Law of the Republic of Kazakhstan of 8 August 2002 No. 345 "On the Rights of a Child in the Republic of Kazakhstan." "Adilet" Legal Information System]. (2002). URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345 (accessed 09.02.2025).

Prava detei v Kazakhstane narushili 171 raz v 2025 godu – ombudsmen Tokaevu [Children's rights in Kazakhstan were violated 171 times in 2025 – Ombudsman's report to Tokayev]. (2025, May 23). Sputnik Kazakhstan. URL: https://ru.sputnik.kz/20250523/prava-detey-v-kazakhstane-narushili-171-raz-v-2025-godu---ombudsmen-53824499.html (accessed 20.05.2025).

Alekseeva, I. A., & Novosel′skii, I. G. (2006). Zhestokoe obrashchenie s rebenkom. Prichiny, posledstviia, pomoshch′ [Child abuse: Causes, consequences, assistance]. Moscow: Genezis.

Alekseeva, L. S. (2003). O nasilii nad det′mi v sem′e [On domestic violence against children in the family]. Sotsiologicheskie issledovaniia, (4), 34.

Neliubova, Ia. K., Grishanova, O. S., Mikhailina, M. Iu., & Fediai, D. S. (2020). Profilaktika zhestokogo obrashcheniia s det′mi i nasiliia v shkol′noi srede: uchebno-metodicheskoe posobie [Prevention of child abuse and violence in the school environment: Teaching aid]. Saratov: GAU DPO «SOIRO».

Rustemova, G. R., Malikova, Sh. B., & Malikov, D. B. (2024). O semeino-bytovom (domashnem) nasilii v otnoshenii nesovershennoletnikh detei – zhertv nasiliia [On domestic violence against minor children – victims of violence]. QazMU Khabarshysy. Zaң seriiasy, 2(110). URL: https://bulletin-law.kaznu.kz (accessed 09.02.2025).

«Kämeletke tolmağanlar arasyndağı quqyq būzūşylyqtardyñ profilaktikasy men balalardyñ qadağalausyz jäne panasız qalwynyñ aldyn alu turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2004 jylğı 9 shildedegi № 591 Zañy. «Ädilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik quqyqtyq aktileriniñ aqparattyq-quqyqtyq jüiesi [Law of the Republic of Kazakhstan of 9 July 2004 No. 591 "On the prevention of offences among minors and the prevention of neglect and homelessness of children." "Adilet" Legal Information System]. (2004). URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591 (accessed 09.02.2025).

«Sottardyñ balalardy tärbieleuge baylanysty daulardy sheshu kezinde zañnamany qoldanwı turaly» Qazaqstan Respublikasy Joğarğı Sotynyñ 2018 jylğı 29 qarashadağı № 15 normativtik qaulysy. «Ädilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik quqyqtyq aktileriniñ aqparattyq-quqyqtyq jüiesi [Normative Resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan of 29 November 2018 No. 15 "On the application of legislation by courts when resolving disputes related to the upbringing of children." "Adilet" Legal Information System]. (2018). URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000015S (accessed 09.02.2025).

Qazaqstan Respublikasynyñ 2014 jylğı 3 shildedegi № 226-V Qylmystyq kodeksi (2025.19.05. berilgen özgerister men tolyqtyrwlarimen) [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan of 3 July 2014 No. 226-V (as amended on 19.05.2025)]. (2014). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294&pos=173;-60#pos=173;-60 (accessed 09.02.2025).

«Qazaqstan Respublikasynyñ keibir zañnamalyq aktilerine balanyñ quqyqtaryn qorğaw jönindegi funksialardy jüzege asyratyn ūiymdardyñ qyzmetimen baylanysty mäseleler boiynşa özgerister men tolyqtyrwlar engizu turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2019 jylğı 1 säuirdegi № 240-VI Zañy [Law of the Republic of Kazakhstan of 1 April 2019 No. 240-VI "On amendments and additions to certain legislative acts of the Republic of Kazakhstan on issues related to the activities of organizations performing functions for the protection of the rights of the child"]. (2019). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36946361 (accessed 09.02.2025).

Detstvo bez zhestokosti i nasiliia [Childhood without cruelty and violence] / OIuL «Soiuz krizisnykh tsentrov Kazakhstana»; sost. Baisakova, Z. M., & Mukhamedsadykova, A. T. (2013). Almaty. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31561675 (accessed 09.02.2025).

V 2022 godu kazhdyi piatyi shkol′nik v Kazakhstane khotia by odin raz podvergalsia bullingu [In 2022 every fifth school student in Kazakhstan was subjected to bullying at least once]. (2022). Masa.media. URL: https://masa.media/ru/site/v-2022-godu-kazhdyy-pyatyy-shkolnik-v-kazakhstane-khotya-by-odin-raz-podvergalsya-bullingu (accessed 09.02.2025).

«Äkimshilik quqyq būzūshylyq turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2014 jylğı 5 shildedegi № 235-V Kodeksi (2025.01.07. berilgen özgerister men tolyqtyrwlarimen) [Code of the Republic of Kazakhstan of 5 July 2014 No. 235-V "On Administrative Offences" (as amended on 01.07.2025)]. (2014). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577100 (accessed 09.02.2025).

Bolee 4,8 tys. zhalob postupilo v adres Upolnomochennogo po pravam cheloveka za 9 mesiatsev 2024 goda [More than 4.8 thousand complaints were submitted to the Commissioner for Human Rights in 9 months of 2024]. (2024). Altainews.kz. URL: https://altainews.kz/ru/rubriki/novosti/58839-bolee-48-tys-zhalob-postupilo-v-adres-upolnomochennogo-po-pravam-cheloveka-za-9-mesjacev-2024-goda.html (accessed 09.02.2025).

«Neke (erli-zaiyptylyq) jäne otbasy turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2011 jylğı 26 zheltoksandağı № 518-IV Kodeksi (2025.01.07. berilgen özgerister men tolyqtyrwlarimen) [Code of the Republic of Kazakhstan of 26 December 2011 No. 518-IV "On Marriage (Matrimony) and Family" (as amended on 01.07.2025)]. (2011). URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102277&pos=3;-106#pos=3;-106 (accessed 09.02.2025).

«Qazaqstan Respublikasynyñ Azamattyq protsestik kodeksi» Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi 2015 jylğı 31 qazandağı № 377-V QRZ. «Ädilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik quqyqtyq aktileriniñ aqparattyq-quqyqtyq jüiesi [Code of Civil Procedure of the Republic of Kazakhstan of 31 October 2015 No. 377-V ZRK. "Adilet" Legal Information System]. (2015). URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377#z113 (accessed 09.02.2025).

***Автор туралы мәлімет:***

*Молдагалиева Айжан Сундетовна (корреспондент автор) – Қонаев университетінің аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі (Қазақстан, Алматы, e-mail: aijan86_86@mail.ru);*

*Сманова Акмарал Бахтияровна – заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ассистент-профессоры (Қазақстан, Алматы, e-mail: akmaralbahtyar@gmail.com);*

*Досумбекова Мейрманкул Тилешовна – заң ғылымдарының магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы (Қазақстан, Алматы, e-mail: Mirka01@mail.ru);*

*Шуланбекова Гульмира Құралбекқызы – заң ғылымдарының магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы (Қазақстан, Алматы, e-mail: shulanbekova@gmail.com).*

***Information about the author:***

*Moldagalieva Aizhan Sundetovna (corresponding author) – Senior Lecturer at Kunayev University, Master of Laws (Almaty, Kazakhstan e-mail: aijan86_86@mail.ru);*

*Smanova Akmaral Bakhtiyarovna – Candidate of Laws, Assistant Professor at Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan e-mail: akmaralbahtyar@gmail.com);*

*Dosumbekova Meirmankul Tileshovna – Master of Laws, Senior Lecturer at Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan e-mail: Mirka01@mail.ru);*

*Shulanbekova Gulmira Kuralbekovna – Master of Laws, Senior Lecturer at Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan e-mail: shulanbekova@gmail.com).*

***Сведения об авторах:***

*Молдагалиева Айжан Сундетовна (корреспондент-автор) – старший преподаватель Кунаевского университета, магистр юридических наук (Алматы, Казахстан, e-mail: aijan86_86@mail.ru);*

*Сманова Акмарал Бахтияровна – кандидат юридических наук, ассистент профессора Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: akmaralbahtyar@gmail.com);*

*Досумбекова Мейрманкуль Тилешовна – магистр права, старший преподаватель Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: Mirka01@mail.ru);*

*Шуланбекова Гульмира Куралбековна – магистр юридического права, старший преподаватель Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: shulanbekova@gmail.com).*

*Тіркелді: 6 маусым 2025 жыл.*
*Қабылданды: 20 желтоқсан 2025 жыл.*